

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 28 маусым N 828. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.10.26. N 1597 қаулысымен. ~P001597

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты өндірістік-пайдалану бірлестігі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 16 қарашадағы N 1545 қаулысына:

қаулының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігі туралы";

1, 2-тармақтардағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Өндірістік-пайдалану бірлестігіне", "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Өндірістік-пайдалану бірлестігінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігіне", "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Өндірістік-пайдалану бірлестігінің Жарғысындағы:

Жарғының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігінің Жарғысы";

1-тармақ "Үкіметінің Аппараты" деген сөздерден кейін "Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігі" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты бірлестікке қатысты меншік иесі және мемлекеттік басқару органы міндетін орындаиды, оның құрылтайшысы болады. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудан түсken пайданың бір бөлігін алу құқығын жүзеге асырған жағдайда бірлестіктің пайданы бөлу нормативін бекітеді, меншік иесінің келісімін талап ететін мүлікке иелік етуге рұқсат береді, жыл сайын жалақы қорының мөлшерін белгілейді,

бірлестік басшысының, басшының орынбасарының, бас бухгалтердің  
лауазымдық жалақыларын, сондай-ақ оларға берілетін сыйлықақы төлеу мен өзге  
де сыйақылар жүйесін айқындайды";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Бірлестіктің негізгі тапсырыс берушілердің қызметін қамтамасыз етуге  
байланысты міндеттерін жүзеге асыру жөніндегі өзара қарым-қатынасы негізгі  
және айналым қорларын пайдалану мен олардың қызмет сапасының қажетті  
деңгейіне кепілдік беретін шарттармен регламенттеледі";

12-тармақ "негізгі тапсырыс берушілердің мұдделеріне нұқсан келтірмей"  
деген сөздермен толықтырылсын.

14-тармақтағы "өкілетті орган берген" деген сөздер "өкілетті орган" деген  
сөздермен ауыстырылсын;

16-тармақтың үшінші абзацындағы "оларға өзінің өндірістік және ақшалай  
қаржысын салуға" деген сөздер "акционерлендіру мен жекешелендіру  
процестеріне қатысуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

18-тармақ мынадай мазмұндағы жаңа абзацпен толықтырылсын:

"18. Бірлестік өкілетті органның келісімінсіз физикалық және моральдық  
жағынан ескірген негізгі құралдарды (50% астам тозған) айлық есептік  
көрсеткіштің 1000 есе шамасына дейінгі құнында сатуға құқылы";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Басшы бірлестік қызметкерлері үшін еңбек ақы төлеудің нысаны мен  
жүйелерін, үстеме ақы мен қосымша ақылар мөлшерін, сыйлықақы беру мен өзге  
де сыйақылар жүйесін, сондай-ақ құрылымды және штатты белгіленген жалақы  
шеңберінде, түрлі санаттағы мамандардың арақатынасын ескермей дербес  
айқындайды";

21-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Өкілетті орган бірлестіктің міндеттемелері бойынша, өкілетті органның  
іс-әрекетінен туындаған банкроттық жағдайларды қоспағанда, жауап бермейді.  
Өкілетті орган мұндай жағдайларда кредитордың талаптарын қанағаттандыру  
үшін соңғысының қарожаты жетіспеген жағдайда бірлестіктің міндеттемелері  
бойынша жауап береді";

22-тармақтың бірінші абзацында "Аппаратының" деген сөздің орнына "  
Аппараты басшысының" деген сөздер жазылсын;

26-тармақтағы "бас инженер, бас бухгалтер, бас экономист, бас маман-заңгер  
" деген сөздер алынып тасталсын;

33-тармақ "және басқа да құзыретті органдармен" деген сөздермен  
толықтырылсын;

35-тармақтағы соңғы сөйлем алынып тасталсын;

40-тармақ алынып тасталсын;

41-тармақтағы бірінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:  
"Бірлестік қызметкерлерінің лауазымды жалақылары "Қазақстан Республикасы экономикасы салалары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 қаңтардағы N 31 P960031\_ қаулысына сәйкес белгіленеді".

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Өндірістік-пайдалану бірлестігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 маусымдағы N 672 P960672\_ қаулысына:

қаулының тақырыбы мен мәтініндегі "Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Өндірістік-пайдалану бірлестігінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі